

ТҮБІР СӨЗ ЖАЛҒАУЛАР ТІРКЕСІМІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМПАЗДЫҒЫ

Көкенова Г.,

Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі, жалғамалы тілдер болғандықтан сөз құрамындағы қосымшалардың орналасу желісінің өз реті мен тәртібі бар. Сондықтан да түбір мен қосымшалардың арасы белгілі бір фонетикалық байланыста болады.

Әрбір қосымшаның фонетикалық белгісі екі не одан да көп варианттардан құралады. Өйткені түбір сөздің соңғы дыбысына (әрібіне) тікелей байланысты болғандықтан, қосымшаның фонетикалық варианттары түбір сөзбен іргелес тұрғанда ғана түгел қамтылады. Басқаша айтқанда бірінші қосымшаның варианттары барлық уақытта зәру (актуал) болады. Бұл тұста қосымша варианттарының бірін таңдау қажет. Қажет вариантты іздеудің амалын табу үшін күрделі күрделі фонетикалық талдау жасау керектігі осының алдындағы бөлімнен көрінді. Қажет вариантты табудың жолы күрделі болып шығады.

Ал сөз құрамындағы қосымша саны көбейген сайын олардың арасындағы фонетикалық белгі кеми береді. Себебі қосымша варианттарының соңғы дыбысы (әрібі) сол қосымшаның барлық варианттарына ортақ болады. Соның нәтижесінде келесі қосымшаның бір ғана варианты зәру болады да, өзге варианттары қалыс қалып отырады. Ендеше түбір сөзден кейінгі қосымша үшін фонетикалық таңдау бірінші кезекте тұрса, келесі қосымша үшін ондай фонетикалық мұқтаждық жоқ. Қосымша соңындағы дыбыстың фонетикалық құрамында (дауыс қатысы, жасалу орны, жасалу тәсілі) келесі қосымшаның қажет варианты жайлы мәлімет тұрады. Бұл тұста вариант таңдау деген болмайды, тіркесімге лайық бір ғана вариант бар. Қажет вариантты табудың жолы қарапайым болып шығады.

Қазақ (түркі) мәтін терімінің алгоритмін құрастыру үшін аса қажет фонетикалық заңдылық қосымшалардың осы талғампаздығы болып табылады.

Қазақ сөзінің құрамындағы қосымша желісінің өрбу жолын көрнекі пайымдауға болады (1 сурет).

Түбір дыбыстың тіркесім талғампаздығы мол, бірінші қосымшаның тіркесім талғампаздығы бірнешеу, келесі қосымшалардың тіркесім талғампаздығы шектеулі.

ЕСКЕРТУ: Әрі қарайғы фонетикалық талдауда тіркесім сызбасының толық желісін беріп, ал артикуляциялық модельдің тек соңғы қажет бөлігінің ғана көрнекі үлгісін ұсынып отырамыз. Өйткені көп бірлікті тіркесімдердің артикуляциялық моделі күрделі және көп орын алып кетеді.




Түбір сөз+көптік жалғау+септік жалғау тіркесімінің фонетикалық сипаты.

Көптік жалғаудың барлық варианттары үнді, тіл ұшы, діріл *p* дауыссызына аяқталады. Сондықтан да келесі қосымшаның варианты тек осы дауыссыздың фонетикалық белгісіне байланысты. Дауыссыздың артикуляциялық құрылымында (үн қатысы, жасалу орны, жасалу тәсілі) келесі қосымша варианттарының бірін қажет етіп, өзгесін қалыс қалдыратын фонетикалық мәлімет жатады.


Қазақ тіліндегі септік жалғау варианттарын құрамына қарай жалаң, қос және үш вариантты деп топтауға болады. Жалаң деп отырғанымыз атау септіктің нөлдік варианты болса, қос вариантты деп отырғанымыз құрамында екі варианты бар септіктер, ал үш вариантты деп отырғанымыз құрамында үш варианты бар септіктер. Сонда құрамына қарай қарапайым, күрделірек және күрделі септіктер болып шығады.

Түбір сөз+көптік жалғау+атау септік тіркесімінің фонетикалық сипаты.

Фонетикалық құрылымы жағынан ең қарапайым үлгі атау септік болғандықтан, оның тіркесімін нөлдік талғампаздық деп атаймыз. Өйткені түбір дыбыстың құрамы қанша күрделі болса да, атау септіктің фонетикалық тұрқы өзгеріссіз қалпында қалады.




Көптік жалғау мен атау септіктің тіркесім артикуляциясы сыңар модель болып шығады (2 сурет). Атау септік жалғауының нөлдік тұрқы оның жасалымы белгісі жоқ дегенді көрсетеді. Алайда мәтін терімінің алгоритмі үшін «жоқ» деген мәліметтің өзі қажет мәлімет болып табылады. Сондықтан атау септік тіркесімін белгілеу үшін арнайы фонетикалық код алуға тура келеді.



2 сурет. Көптік жалғау мен атау септік тіркесімінің нөлдік талғампаздығы


Түбір сөз+көптік жалғау+ілік септік тіркесімінің фонетикалық сипаты.

Фонетикалық құрылымы жағынан ілік септік жалғауының варианттары күрделі келеді. Түбір дыбыстың фонетикалық белгісіне қарай ілік септік жалғауының фонетикалық белгісі өзгеріп отырады. Көптік жалғаудан соң келетін міндетті вариантының фонетикалық белгісіне қарап *ә* талғампаздық деп атаймыз.



Көптік жалғау мен ілік септік тіркесім артикуляциясы толық модель болып шығады (3 сурет). Ұяң, тіл ұшы, тоғысыңқы *ә* вариантының алынуы кездейсоқ емес, мұнда арнайы заңдылық бар. Біріншіден, үнді, тіл ұшы, діріл *р* дыбысы мен үнді, тіл ұшы, тоғысыңқы *н* дыбысы морфемалар шегінде қатар тұра алмайды, сондықтан ілік септік қосымшасының *н* варианты қалыс қалады. Екіншіден, үнді дауыссыз бен қатаң дауыссыз морфема шегінде тіркесе алмайды, сондықтан ілік септік қосымшасының *т* варианты да қалыс қалады.


Сонда p/δ тіркесімінің фонетикалық жағдаяты олардың жасалу орнының ортақ болуы мен екеуінің құрамындағы үн қатысының елеулі (тербелімді және тербелінкі) болуынан туындайды.




3 сурет. Көптік жалғау мен ілік септік тіркесімінің δ талғамдылығы

Түбір сөз+көптік жалғау+барыс септік тіркесімінің фонетикалық сипаты.

Барыс септік варианттарының құрамына қарай күрделірек топқа жатады. Оның құрамында екі вариант бар. Және олар дауыс қатысына қарай жіктеледі. Дауыс қатысының толық, мол, жартылай қатысы бір топқа біріксе, дауыстың қатыспауынан өз алдына бір вариант жасалады. Көптік жалғаудың мол үн қатысы бар p вариантына лайық жартылай үн қатысы бар δ талғамдылығы алынған.




Көптік жалғау мен барыс септік тіркесімінің артикуляциялық моделі толық (4 сурет). Морфема жігінде p/δ тіркесі мүмкін емес, сондықтан барыс септігінің δ варианты бейтарап қалады. Тіркесім жігіндегі p/δ жұбының жасалу орындарының алшақтығына қарамай, көрші тұр. Ендеше жасалу орнына қатысты белгісі бейтарап қалып тұр. Екі дауыссыздың дауыс қатысына және жасалу тәсіліне байланысты фонетикалық белгілері ортақ. Тіркесім шарты осы екі белгіге байланысты болып тұр.



4 сурет. Көптік жалғау мен барыс септік тіркесімінің *э* талғамдылығы

Түбір сөз+көптік жалғау+табыс септік тіркесімінің фонетикалық сипаты.


Табыс септік варианттарының құрамы ілік септік тәрізді күрделі келеді және соған ұқсас. Септік варианттары түбір дыбысқа қарай түрленіп отырады, ал соның ішінде көптік жалғаумен тіркесімін *д* талғамды деп атаймыз.



Көптік жалғау мен табыс септік тіркесімінің артикуляциялық моделі толық түрінде құрастырылады (5 сурет). Табыс септігіне қатысты *р/н* тіркесімі морфемалар жігінде кездеспейтін болғандықтан, бірден қалыс қалады. Табыс септігінің *д* варианты қатаң дыбыстармен тіркеспейді, сондықтан бұл вариантта қалыс қалады. Жасалу орны мен үн қатысы ұқсас болғандықтан *р/д* тіркесімінің сыңарлары өзара сыймтал шығады.


Түбір сөз+көптік жалғау+жатыс септік тіркесімінің фонетикалық сипаты.

Көптік жалғау мен жатыс септік тіркесім реті барыс септікпен үйлес келеді. Айырмашылық дыбыс талғамдылығында. Барыс септік үнді дауыссыз *э* варианты болса, жатыс септік ұяң дауыссыз *д* вариантына құрылған. Жатыс септіктің көптік жалғаумен тіркесімін *д* талғамды деп атаймыз.




5 сурет. Көптік жалғау мен табыс септік тіркесімінің *ð* талғамдылығы

Септік варианттарының құрамы мен олардың тіркесім реті барыс және жатыс септіктер арасында ортақ. Сондықтан да олардың мәтін терім алгоритмдерін үйлес құрастыруға болады.




Үн қатысы басым дыбыстарға аяқталатын түбірлер бір топқа бірігеді де жатыс септіктің *ð* вариантын қабылдайды. Ал үн қатысы жоқ *m* варианты қалыс қалады. Тіркесімнің артикуляциялық моделі *p/d* тіркесімінің ортақ фонетикалық белгілері жасалу орны мен дауыс қатысы екенін көрсетіп тұр (6 сурет).




6 сурет. Көптік жалғау мен жатыс септік тіркесімінің *ð* тіркесім талғамдылығы

Түбір сөз+көптік жалғау+шығыс септік тіркесімінің фонетикалық сипаты.

Көптік жалғау мен шығыс септік тіркесімінің тіркесімі *д* талғамдылығына құрылған. Қазақ тілінде морфем жігінде *р/л* тіркесінің кездеспейтіні жайлы жоғарыда жеткілікті айтылды. Сол сияқты үнді қосымша мен қатаң қосымшаның да іргелес тұруы мүмкін емес. Сонда шығыс септік варианттарынан қалатын *д* варианты. Ендеше шығыс септіктің көптік жалғаумен тіркесімін *д* талғамдылығы деп атаймыз.



Көптік жалғау мен шығыс септігінің артикуляциялық желісі іргелес дыбыстардың жасалу орны мен дауыс қатысына қарай икемделетінін көрсетеді (7 сурет). Көптік жалғаудың *р* бітімі мен шығыс септіктің *д* басталымы бұған дейінгі модельдерде кездескен болатын.




7 сурет. Көптік жалғау мен шығыс септік тіркесімінің *д* талғампаздығы

Түбір сөз+көптік жалғау+көмектес септік тіркесімінің фонетикалық сипаты.

Көптік жалғау мен көмектес септік тіркесімінің өз ерекшелігі бар. Көмектес септік жалғауының өзіндік талғамдылығына байланысты. Жалпы септіктер құрамында барыс септігінің өзіндік талғамдылығы бар екенін кездестірдік. Енді, міне, көмектес септігі де соны көрсетіп отыр. Морфема шегінде *р/б*

тіркесі кездеспейтін болғандықтан көмектес септігінің *б* варианты қалыс қалып отыр. Ал морфема шегіндегі *p/m* үнді/қатаң тіркесімі қазақ тілінде жүйелі түрде кездеспейді. Сондықтан көмектес септігінің *n* варианты да қалыс қалып отыр. Сонымен көмектес септік пен көптік жалғау арасындағы фонетикалық тіркесім белгісін *м* талғамды деп атаймыз.



Сонымен көптік жалғау мен септіктер арасындағы тіркесім желісінің жаңа түрі шықты. Ол үнді, ерін/еріндік, тоғысыңқы *м* дауыссызымен байланысты. Аталған дауыссыз тіркесім бірлігі ретінде алғаш кездесіп отыр.

Сонымен көптік жалғау мен септік жалғаулар тіркесінің арасынан төрт тіркесім үлгісі құралды:

- көптік жалғау+атау септік тіркесімі - *нөлдік* талғамды;
- көптік жалғау+барыс септік тіркесімі - *з* талғамды;
- көптік жалғау+ілік, табыс, жатыс және шығыс септік тіркесімі - *д* талғамды;
- көптік жалғау+көмектес септік тіркесімі - *м* талғамды.

Бірінші, екінші және төртінші тіркесімдердің алгоритмін құрастырудың жолы ашық, өйткені олардың талғампаздығы жеке дара болғандықтан, олардың әрқайсысына жалаң бір код қана қажет болады. Ал үшінші тіркесім тобының алгоритмін құрастыру күрделі болып шықты. Сондықтан да бұл жерде бірнеше индекс пайдалануға тура келеді.

Түбірден кейінгі қосымша түбірге тікелей жалғасатын болғандықтан тіркесімнің бастапқы сатысын тікелей тіркесім (немесе бастау тіркесім) дейміз. Бұған осыған дейінгі түбірге тікелей жалғасқан тіркесімдер жатады. Ал, енді қосымшадан кейінгі келген қосымшалар сатылап барып жалғасатын болғандықтан оларды сатылы тіркесім дейміз. Бұларды белгілеу (кодтау) үшін қосалқы индекс пайдалануға тура келеді. Қосалқы индексті шартты түрде таңбаны сол жақ жоғары жағына (шекесіне) қоямыз. Сол жақ индекс қосымшаның түбірге тікелей қатысы жоқ екендігінің үстіне кейінгі сатыларға да қатысы жоқ дегенді көрсетеді. Басқаша айтқанда, оның тіркесім мәртебесі - екінші қосымша. Сонда:

-атау септіктің нөлдік екінші сатылы (мысалы, көптік жалғаудан кейін) тіркесімі ²0 түрінде кодталуға тиіс;

-шығыс септіктің *ә* талғамды екінші сатылы тіркесімі ²Ғ түрінде кодталады;

-үшінші топтағы төрт септік бірдей *ә* талғамды болғандықтан, олардың басын ажыратып алу үшін оң жақ төменгі жағынан негізгі индексті орналастырамыз (ілік септік – ²д₁, табыс септік – ²д₂, жатыс септік – ²д₃, шығыс септік – ²д₄). Күрделі тіркесімдердің өзге де шарты белгілерін ойлап табуға болады.

-көмектес септіктің *м* талғамды екінші сатылы тіркесімі ²м түрінде кодталады.

Қазақ тілінің жалғамалы табиғатына лайық мәтін терімін оңтайландыру амалы өте күрделі болып табылады.

Резюме

В статье моделированы сочетаемость аффиксов в казахском языке.

Resume

In this article the combination of affixes in Kazakh language is modeled.

Özet

Bu makalede Kazak dilindeki eklerin birleşimi incelenmektedir.

Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын, сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр.

Мағжан
